

Ғылыми-әдістемелік семинар: «Ғасыр адамы атанған қазақ тарихын жаңартушы физик ғалымдар»

2025 жылғы 11 сәуір күні Физика және техникалық пәндер кафедрасы мен «Физика және тұрақты даму» ғылыми мектебінің ұйымдастыруымен «Ғасыр адамы атанған қазақ тарихын жаңартушы физик ғалымдар» атты ғылыми-әдістемелік семинар өтті.

Семинардың негізгі мақсаты – физика ғылымына елеулі үлес қосқан, ұлт ғылымын жаңғырту жолында еңбегі сіңген көрнекті ғалым Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасын насихаттау, оның зерттеулерінің тарихи маңызын ашу, сондай-ақ жас зерттеушілерге үлгі ету.

Іс-шара барысында Мағрипа Жылқыбаеваның физика ғылымындағы зерттеулері, оның заманауи ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлі мен Қазақстан ғылымына қосқан зор үлесі жан-жақты талқыланды. Сонымен қатар, семинар аясында жас ғалымдар мен студенттерге бағытталған ғылыми бағыттар, зерттеу тәсілдері мен инновациялық идеялар ұсынылды.

Семинар жұмысына Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Д.Қонаев атындағы BINOM School мектеп-лицейі, Ж.Нәжімеденов атындағы №2 жалпы білім беретін орта мектептің профессор-оқытушылар құрамы мен мұғалімдері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының докторанттары, магистранттары және студенттері қатысты.

Семинар ғылыми орта өкілдерінің, педагогтер мен болашақ зерттеушілердің өзара тәжірибе алмасуына, ғылыми мұраны насихаттауға және ұлттық ғылымның дамуына серпін беретін мазмұнды диалог алаңына айналды.



“Ғасыр адамы атанған қазақ тарихын жаңартушы физик ғалымдар” атты ғылыми-әдістемелік семинар

Ұйымдастырушылар: Физика және
техникалық пәндер кафедрасы,
«Физика және тұрақты даму» атты
ғылыми мектебінің мүшелері



11.04.2025



14:00



№1 оқу ғимараты,
327 аудитория







МАҒРИПА ЖЫЛҚЫБАЕВА

- қазақстандық физика-математика ғылымдарының кандидаты
- доцент
- жаратылыстанушы ғалым
- сатира жанрында қалам тербеген жазушы
- Қазақстан Жазушылар одағының «Найзагер» сатирик қаламгерлер қауымдастығының мүшесі



«Бүгін әлемдегі сол шынайылық бұрмаланса, сатира. Сатирамыз өзімізге қатысты шынайылықты жалғыз өзгер бізге жолып тұрған сәтте өзіміз көрсетеді»



ATYRAU
UNIVERSITY

